

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 1008 Жарлығы.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жалпыұлттық жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауының ережелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүйелі негізде жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) есепті жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Жалпыұлттық жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2022 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 1008 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

			Жауапты	
--	--	--	---------	--

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	орындаушылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
I. Жаңа экономикалық саясат				
1.	Монополиялық және олигополиялық нарықтарды қоспағанда, бағалар мен тарифтерді мемлекеттік реттеуден біртіндеп бас тарту	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, БҚДА, СЖРА	2022 жылғы қазан
2.	"Тарифті инвестицияға айырбастау" деген жаңа тариф саясатына көшуді қамтамасыз ету, онда мыналарды да қамту: инфрақұрылымға инвестицияның айтарлықтай бөлігін тарифтің емес, өз қаржысының есебінен салуы бөлігінде монополистердің (операторлардың) қарсы міндеттемелері; өндіруші қуаттардың, электрмен жабдықтау, жылу коммуникациялары желілерінің және су құбыры желілерінің тозу көрсеткішін біртіндеп кемінде 15%-ға төмендету; кәсіпорындарда инновациялық шешімдерді енгізу және жабдықтарды жаңғырту үшін пәрменді ынталандыру; табыстың белгілі бір үлесін монополистің иелігінде қалдыру;	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	

	шығындардың бір бөлігі өндірістік персоналдың еңбекақысын арттыруға, жедел жөндеу жұмыстарын жүргізуге және т.б. жұмсалған жағдайда монополистің оларды тарифтік сметаның әртүрлі баптары арасында өз бетінше қайта бөлу мүмкіндігі			2022 жылғы қазан
3.	Табиғи монополиялар саласында және қоғамдық маңызы бар нарықтарда тарифтерді тоғыспалы субсидиялаудан біртіндеп бас тарту	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, БҚДА	2022 жылғы қараша
4.	“Конгломерат” ұғымын заңнамалық деңгейде, сондай-ақ конгломераттың барлық мәмілесін, оның ішінде нарыққа тән емес бағаларды қолдану белгілері бойынша мұқият тексеру жүргізу мүмкіндігін айқындау	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	БҚДА, Үкімет, СЖРА	2023 жылғы маусым
5.	“Бірыңғай оператор” институтын регламенттеу, бұл олардың қызметін монополияға қарсы арнаулы құқық шеңберінде реттеуді енгізуді де білдіреді	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	БҚДА, Үкімет	2023 жылғы сәуір
	Жаңа Салық кодексін әзірлеу, онда мыналарды да көздеу: салықтық әкімшілендіруді жаңарту; салықтық бақылауды бар			

6.	мүмкіндігінше цифрландыруды қамтамасыз ету; экономиканың әртүрлі секторларында сараланған салық мөлшерлемелеріне көшу; пайданың технологиялық жаңғыруға және ғылыми әзірлемелерге жұмсалған бөлігіне салынатын корпоративтік табыс салығын азайту немесе одан босату тетігін енгізу; салық төлеуден жалтару тәуекелдерін барынша азайту мақсатында арнайы салық режимдерін жеңілдету; салық жүктемесін азайту мақсатында ұйымдарды әдейі бөлшектеуге жол бермеу; ойға қонымды әрі рәсімдері қарапайым бөлшек сауда салығын қолдануды кеңейту	Қазақстан Республикасы Кодексінің жобасы	Үкімет, СЖРА, ЖС	2023 жылғы желтоқсан
7.	“Сән-салтанатқа салық” салуды енгізу мүмкіндігін қарастыру	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, СЖРА	2023 жылғы қаңтар
8.	Автомашиналарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелудің барлық тиесілі алымдар мен төлемдерді төлеуден жалтаруға мүмкіндік беретін арналарының бәрін жабу үшін шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, ҰҚК, ҚМА, СЖҚА	2022 жылғы қазан

9.	2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген және қолданыстағы заңнамаға сәйкес ресімделмеген автомобильдер үшін оларды кәдеге жарату және алғашқы тіркеу алымдарының жиынтығын 250 мың теңгеден аспайтын мөлшерде төлеу арқылы заңдастыру мүмкіндігін бір реттік тәртіппен беру, бұл шараны іздеу салынбаған және тиісті кедендік "тазартудан" өткен автомобильдерге қолдану	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, ҰҚК, ҚМА, ҚНРДА	2022 жылғы желтоқсан
10.	Салық және кеден саласындағы ақпараттық жүйелерді толық біріктіруді аяқтау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2023 жылғы шілде
11.	"Бір терезе" қағидаты бойынша интеграцияланған кедендік бақылауды енгізу (оның шеңберінде бақылау, оның ішінде фитосанитариялық, ветеринариялық, санитариялық-эпидемиологиялық, радиациялық бақылау, техникалық реттеу іс-шараларын жүргізу)	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2023 жылғы шілде
	Жаңа Бюджет кодексін қабылдау, онда мыналарды да көздеу: бюджет процесін барынша жеңілдету; “бюджетті басқарудан” “			

12.	нәтижені дөп басуға ” көшу жолымен бюджет саясатының моделін реформалау ; бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өкілеттіктері мен жауапкершілігін айтарлықтай арттырып, блоктық б ю д ж е т элементтерін енгізу; бюджет саясатының ш е к т і параметрлерін айқындау; Ұлттық қордан бөлінетін нысаналы трансферт қаражатын аса қ а ж е т инфрақұрылымды дамытуға және жалпы еліміз үшін маңызы зор жобаларды іске асыруға ғана жұмсау; салықтық түсімдер мен шығыстардың қосымша түрлерін республикалық бюджеттен жергілікті бюджет деңгейіне беру арқылы фискалдық орталықсыздандыру ды күшейту	Қазақстан Республикасы Кодексінің жобасы Қазақстан Республикасының Кодексі	Үкімет, СЖРА, ЕК	2023 жылғы қыркүйек 2023 жылғы желтоқсан
13.	Игерілмеген бюджет қаражатын белгілі бір жағдайларда келесі жылға ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет	2022 жылғы желтоқсан
	Мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасыны ң ж о б а с ы шеңберінде Ұлттық қордан бөлінетін			

14.	нысаналы трансферт қаражатын аса қажет инфрақұрылымды дамытуға және жалпы еліміз үшін маңызы зор жобаларды іске асыруға ғана жұмсау туралы норманы енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	Үкімет, ҰБ	2022 жылғы қазан
15.	“Халық қатысатын бюджет” практикасын төртінші деңгейдегі бюджеттерге (аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар) кеңінен тарату, оның мөлшерін ТКШ шығыстарының кемінде 10%-ы көлемінде айқындау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, СЖРА, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2023 жылғы сәуір
16.	Реттеушілік жаңа актілерді әзірлеу мен келісу процесінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес талаптар мен реттеушілік құралдарды қалыптастырудың базалық шарттарының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ете отырып, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап кәсіпкерлік қызметті “басынан бастап” реттеуді іске қосу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, “Атамекен” ҰКП (келісім бойынша)	2023 жылғы шілде, 2023 жылғы қаңтар
	Квазимемлекеттік сектордың мемлекеттік қаржылай қолдау шараларын ұсынуды реттейтін			

17.	тиісті нормативтік құқықтық актілері мен шешімдеріне енгізу арқылы мемлекеттік колдау шараларын алушы бәсекеге қабілетті шағын және орта кәсіпорындарды айқындауға арналған базалық өлшемшарттарды (еңбекақы төлеу қорының өсуі және с а л ы қ аударымдарының артуы) енгізу. “е-Қаржымині” ақпараттық жүйесінің базасында базалық өлшемшарттарға сәйкес мемлекеттік колдау шараларын алушыларды іріктеу р ә с і м і н автоматтандыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, СЖРА, БҚДА, “Атамекен” ҰКП (келісім бойынша)	2023 жылғы шілде
18.	“Мемлекеттік сатып алу туралы” жаңа Заң қабылдау, онда мыналарды да көздеу: сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бағасының төмен болуы емес, сапасының басымдығы; барлық мемлекеттік ж ә н е квазимемлекеттік ұйымдардың сатып алуын бірыңғай платформаға ауыстыру	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Заңы тәжірибелік пайдалануға беру актісі	Үкімет, БҚДА, “Атамекен” ҰКП (келісім бойынша)	2023 жылғы қыркүйек 2023 жылғы желтоқсан 2023 жылғы наурыз
	Конкурстық негізде келісімшарттар жасасу тәртібін қоса алғанда, МЖӨ-нің тиімді жаңа үлгісіне			

19.	көшуді көздейтін мемлекеттік-жекеш елік әріптестік мәселелері бойынша Заң қабылдау	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет, БҚДА, СЖРА	2023 жылғы қыркүйек
20.	Экономиканың нақты секторын қолжетімді әрі тұрақты, оның ішінде коммерциялық банкердің еркін өтімділігі есебінен кредиттеуді қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	ҰБ, ҚНРДА, Үкімет	2022 жылғы қараша
21.	Кәсіпкерлерге жер учаскелерін жедел әрі ашық бөлудің тиімді тәсілдерін тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, БҚДА, СЖРА, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2022 жылғы желтоқсан
22.	Әрбір өңірде және ірі елді мекенде бос жатқан және мақсатына сай пайдаланылмайтын жерлердің бар-жоғына бағалау жүргізіп, кейіннен ақпаратты жариялау және оның бизнес үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2023 жылғы маусым
II. Нақты секторды дамыту				
23.	Жер қойнауын игеру ісіне инвестициялар тарту үшін заңнаманы және рәсімдерді жеңілдету	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, СЖРА	2023 жылғы желтоқсан
24.	Геологиялық ақпараттың ұлттық дерекқорын өнеркәсіптік пайдалануға беру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2023 жылғы мамыр

25.	АЭА қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында: АЭА-да “неғұрлым көп ақша салсаң, соғұрлым көп жеңілдік аласың” қағидаты бойынша инвестициялық жеңілдіктер беруге қатысты сараланған тәсілді енгізу; жұмыс саласы қызметтің басым түрлеріне жатпайтын инвесторлар үшін салықтық және кедендік преференцияларды қолданбай, АЭА-ға жер учаскелерін беру мүмкіндігін ұсыну; барлық инвестициялық міндеттемелерді адал орындаған кәсіпорындар үшін АЭА аумағында жер меншігі құқығы мәселесін шешу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, БҚДА	2023 жылғы ақпан
26.	Индустриялық сектордың инвестициялық тартымдылығын арттыру жөнінде шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2023 жылғы наурыз
27.	“Самұрық-Қазына” ҰӘҚ” АҚ қызметін стратегиялық маңызды секторлардағы компаниялар акцияларының мажоритарлық пакетіне ғана иелік ететін инвестор ретінде қайта форматтап, оның жеке инвесторлар іске асыра алмайтын, Қазақстан	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, “Самұрық-Қазына” ҰӘҚ” АҚ, БҚДА	

	Республикасының Президенті айқындайтын аса маңызды жаңа жобаларға ғана қатысуын көздеу			2023-2024 жылдар шілде, желтоқсан
28.	“Қазақстан темір жолы” ұлттық компаниясын ұлттық көлік-логистикалық компанияға трансформациялауды қамтамасыз ету	Жол картасы	Үкімет, “Самұрық-Қазына” ҰӘҚ” АҚ, “ҚТЖ” ҰК” АҚ	2022 жылғы қазан
29.	Автомобиль жолдарының құрылысы кезінде бұзушылықтарды анықтау жөніндегі нақты нәтижелерді қамтамасыз ете отырып, автомобиль жолдарының, оның ішінде жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының құрылысы сапасын арттыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, ЕК, БП, СЖҚА, ҚМА	2023 жылғы шілде, желтоқсан
30.	Жол-құрылыс саласын битуммен іркіліссіз қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, “Самұрық-Қазына” ҰӘҚ” АҚ	2022 жылғы желтоқсан
31.	Қала құрылысы кодексін әзірлеу	Қазақстан Республикасы Кодексінің жобасы	Үкімет, СЖРА	2023 жылғы желтоқсан
32.	Әрбір ірі қала бойынша жер учаскелері мен коммуналдық желілердің схемасы көрсетілген функционалды интерактивті картасын жасау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2023 жылғы маусым, желтоқсан
	Жер кадастрының өнеркәсіптік мақсатқа арналған жер учаскелерінің картасын көлік		Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент	

33.	және коммуналдық инфрақұрылымның ө з е к т і схемаларымен толықтыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	қалаларының және облыстардың әкімдері	2023 жылғы маусым, желтоқсан
34.	Агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялаудың ұзақ мерзімді жаңа тәсілдерін тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, БҚДА Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері, “Атамекен” ҰКП (келісім бойынша)	2022 жылғы қараша
35.	Өңірлердің ерекшелігі мен ауылдық кооперацияларды дамытуды ескере отырып, Жамбыл облысындағы ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі пилоттық жобаны кеңінен тарату	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2023 жылғы маусым, желтоқсан
36.	Жер учаскелерінің, табиғи және минералды учаскелердің кадастрлық жүйелерін интеграцияланған дамыту үшін бірыңғай цифрлық платформада экономика салаларының кеңістіктік деректері инфрақұрылымын құру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері, СЖРА	2023 жылғы маусым, желтоқсан
37.	Игерілмей жатқан немесе заңнаманы бұза отырып берілген жерлер бойынша 2023 жылдың соңына дейін шешімдер қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері, СЖРА	2023 жылғы қаңтар, маусым, желтоқсан
	Су саласында қордаланған проблемаларды шешу үшін сарапшыларды			

38.	тарта отырып, Үкімет жанындағы Су кеңесінің жұмысын жандандыру	Президент Әкімшілігіне акпарат	Үкімет, ҰҚК, “ Атамекен” ҰКП (келісім бойынша)	2022 жылғы қараша
39.	Қазіргі заманғы білім беру бағдарламасын әзірлей отырып және тиісті қаржыландыруды боле отырып, су саласында сұранысқа ие мамандарды даярлау үшін базалық жоғары оқу орнын айқындау	Президент Әкімшілігіне акпарат	Үкімет	2023 жылғы мамыр
40.	Су саласын дамытудың кешенді жоспарын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет, СЖРА	2023 жылғы ақпан
III. Ел болашағына арналған стратегиялық инвестициялар				
41.	Тұтастай алғанда ерікті медициналық сақтандырудың рөлін күшейте отырып, денсаулық сақтауды және әлеуметтік саланы қаржыландыру тәсілдерін қайта қарау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, СЖРА	2022 жылғы қараша
42.	“Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту ” ұлттық пилоттық жобасы шеңберінде 2023-2024 жылдар ішінде: құрылыстың біріздендірілген жобалары бойынша 650 ауылда медициналық және фельдшерлік-акуше рлік пункттер салуды және тиісті жабдықпен жарақтандыруды; 32 аудандық аурухананы жаңғыртуды және олардың деңгейін ауданаралық	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет, СЖРА, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	

	көпбейінді мекеме мәртебесіне дейін көтеруді қамтамасыз ету			2022 жылғы қараша
43.	Телемедицина қызметтерін көрсету жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру, оның ішінде диагностикалық көрсетілетін қызметтер спектрін кеңейту және қазіргі заманғы цифрлық шешімдерді (деректерді жинаудың, өңдеудің , берудің, сақтау мен олармен алмасудың бұлтты технологиялары және басқалар) пайдалану	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2022 жылғы қараша, 2023 жылғы маусым
44.	Медициналық жоғары оқу орындарының жанынан көпбейінді университеттік ауруханалар мен клиникалар құру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2023-2025 жылдар шілде, желтоқсан
45.	Резидентурада даярлау гранттарының санын 3 жыл ішінде 70%-ға ұлғайту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2023-2025 жылдар шілде, желтоқсан
46.	2-ден 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі сапалы біліммен қамтамасыз ету бойынша пәрменді шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан , Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2022 жылғы желтоқсан, 2023-2025 жылдар шілде, желтоқсан
47.	Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің кадрлық әлеуетін кадрларды даярлау, біліктілігін арттыру және аттестаттау жүйесін жетілдіру, әлеуметтік	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	

	мәртебесі мен жалақысын арттыру жолымен күшейту			2023 жылғы шілде, желтоқсан
48.	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің тәрбиеленушілерге арақатынасын және кәсіптік жүктемені Э Ы Д Ұ нормаларына дейін келтіру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2023-2024 жылдар желтоқсан
49.	МЖМБС-ға сәйкес кемінде 800 мың орынға арналған орта оқу орындарын салудың және тиісті жабдықпен жарақтандырудың біріздендірілген қазіргі заманғы жобалары бойынша 2025 жылдың соңына дейін “Жайлы мектеп” пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде мектептер салу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет, СЖРА, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2022 жылғы қараша
50.	Сыбайлас жемқорлық істері бойынша қылмыстық қудалау органы қаулыларының және сот шешімдерінің нәтижесінде бюджетке түсетін қаражатты мектеп құрылысына жұмсауды заңнамалық регламенттеу жөнінде шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, ЖС, БП, СЖҚА	2022 жылғы желтоқсан
51.	Халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарындағы балаларды мектеп формасымен мемлекеттік бюджет есебінен қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2023 жылғы мамыр

52.	Мектеп формасын мемлекеттік тапсырыс есебінен отандық тауар өндірушілерден сатып алу тетігін әзірлеу және іске асыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2022 жылғы желтоқсан, 2023 жылғы шілде, желтоқсан
53.	Педагогикалық жоғары оқу орындарын аккредиттеу стандартын және “ педагог құзыретінің шеңбері” - “Педагог” кәсіптік стандартын қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2023 жылғы қыркүйек
54.	Жоғары сыныптарда жаратылыстану-математикалық цикл пәндері мен ағылшын тілін оқыту қарқындылығы мен сапасын күшейту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2023 жылғы маусым
55.	Қазақ тілін де, орыс тілін де жақсы білетін балаларды тәрбиелеу жөнінде кешенді шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2022 жылғы желтоқсан
56.	"Әлеуметтік әмиян" жобасы шеңберінде баланың білім алуына, оның ішінде сыныптан тыс оқуына мемлекет бөлетін барлық қаражатты жинақтау үшін жеке білім беру ваучерлері мен Бірыңғай білім беру есепшотын енгізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2022 жылғы желтоқсан, 2023 жылғы шілде
57.	Білім беру гранттары жүйесіне ҰБТ нәтижелеріне және өзге де көрсеткіштерге қарай саралауды (30%-дан 100%-ға	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	

	дейін) енгізе отырып, гранттар құнын қайта қарау			2022 жылғы желтоқсан
58.	Жоғары оқу орындарында оқу ақысын төлеуге жылдық 2-3%-бен ұзақ мерзімді жеңілдікті кредит алуға мүмкіндік беру	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2022 жылғы желтоқсан
59.	Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету проблемасын шешу үшін жоғары оқу орындарымен және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекешелік әріптестік тегігін жетілдіру	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2022 жылғы желтоқсан
60.	Басқа қалалардан келген студенттердің тұратын орынмен қамтамасыз етілуін жекеменшік жоғары оқу орындарының мемлекеттен қаражат алу өлшемшарттарының бірі ретінде айқындау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2022 жылғы желтоқсан
61.	Халықтың әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған топтарының жекелеген санаттарындағы басқа қалалардан келген студенттердің пәтер жалдауға кететін шығындарын субсидиялау мүмкіндігін пысықтау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2022 жылғы қазан
	Білім беру экожүйесін дамыту мақсатында жоғары			

62.	оқу орындары жанындағы эндаумент-корлардың қызметін жетілдіру	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, "Қазақстан халқына" ҚҚ (келісім бойынша)	2022 жылғы қараша
63.	Серпінді тәсілге негізделген және негізгі экономикалық көрсеткіштер ескерілетін ең төменгі жалақыны айқындаудың жаңа әдістемесін енгізу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет	2023 жылғы қаңтар 2023 жылғы желтоқсан
64.	Ең төменгі жалақы мөлшерін 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін ұлғайту	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет	2022 жылғы желтоқсан
65.	Заң қабылдау, онда мыналарды: базалық зейнетақының ең төменгі мөлшерін біртіндеп ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ына, жоғарғы шегін 120%-ына дейін жеткізуді; әйелдердің зейнетке шығу жасын 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде қалдыруды; 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі үшін төлемдер тағайындау кезеңінің ұзақтығын 1,5 жасқа дейін ұлғайтуды; әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар жұмыссыз қалған кезде МӘСҚ-тан берілетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін орташа	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет	

	айлық табысының 45%-ына дейін ұлғайтуды көздеу			2022 жылғы желтоқсан
66.	Ж е к е компанияларды зейнетақы активтерін басқаруға тарту мүмкіндігін көздейтін БЖЗҚ-ның тиімді инвестициялық стратегиясын әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	ҰБ, ҚНРДА, БҚДА, Үкімет	2022 жылғы қараша
67.	2023 жылдан бастап Отбасының цифрлық картасы мен "Әлеуметтік әмиянды" енгізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2022 жылғы желтоқсан
68.	Жастардың кәсіпкерлік бастамалары үшін 2,5%-дан жеңілдетілген микрокредит беру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, СЖРА	2023 жылғы қаңтар
69.	100 мың жасты еңбекпен қамтамасыз ету шараларымен қамту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2023 жылғы қаңтар
70.	2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50%-ын балалар 18 жасқа толғанға дейін мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алу құқығынсыз, кейін оларды баспана және білім алуға пайдалану мүмкіндігімен олардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударып тұруды көздейтін "Ұлттық қор - балаларға" жобасын іске қосу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, ҰБ	2022 жылғы қараша

71.	"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның таза табысының кемінде 7%-ын жыл сайын " Қазақстан халқына" қоғамдық қорына аудару	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет, Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ	" 2022 жылғы желтоқсан
72.	Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу, онда мыналарды: ғылым, білім, денсаулық сақтау, өнеркәсіп, IT, спорт пен мәдениет және басқа салаларда Қазақстан үшін бағалы машық иелері үшін тұруға ықтиярхат алу құқығымен виза енгізуді; біздің экономикамызға 300 мың АҚШ долларынан астам инвестиция салған ш е т е л кәсіпкерлеріне тұруға ықтиярхат алу құқығымен 10 жылға виза алу мүмкіндігін беруді көздеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет	2023 жылғы маусым
73.	Демографиялық және экономикалық үрдістерді, сондай-ақ жалпыұлттық мүдделерді ескере отырып, қандастардың көшіп келуіне және ішкі миграцияны реттеуге қатысты саясатты түбегейлі реформалау бойынша ұсыныстар тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, СЖРА	2022 жылғы қараша
	Қазақстан Республикасы Президентінің			

74.	жанында Халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз санаттарын қолдау мәселелері жөніндегі омбудсмен институтын құру	Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі	Үкімет	2023 жылғы ақпан
75.	Қоғамда еңбек құндылығы идеологиясын ілгерілету жөніндегі кешенді жоспарды әзірлеу және қабылдау	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет	2022 жылғы қараша
IV. Мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғырту				
76.	Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді орталықсыздандыру, оның ішінде саяси қызметшілердің нәтижелілігі мен жеке жауапкершілігін арттыруға назар аударып, орталық ведомстволар вертикалін оңтайландыру бойынша жаңа әкімшілік реформаны іске асыру	Жол картасы	Үкімет, СЖРА, МҚА, ЖС	2022 жылғы қараша
77.	Ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ету мен салааралық мәселелерді шешуге назар аударып, Премьер-Министр Кеңсесін Үкіметтің ықшам Аппараты етіп трансформациялау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2022 жылғы қазан
78.	Қоғамдық кеңестердің және МИБ қызметін өзгерту	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2022 жылғы желтоқсан

79.	Тұрғын үйлерді, оның ішінде олардың сыртқы көрінісі мен қалалардың инфрақұрылымын абаттандыру бойынша шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2023-2025 жылдар қаңтар
80.	Мемлекеттік қызметшілерді іріктеу және жұмыстан босату жүйесін, оның ішінде мемлекеттік қызметтің жеке сектордағы кәсіби мамандар үшін барынша ашықтығын қамтамасыз ету үшін қайта қарау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	МҚІА, Үкімет	2022 жылғы қараша
81.	Мемлекеттік қызмет істері агенттігін толыққанды стратегиялық HR институты етіп қалыптастыру	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	МҚІА	2022 жылғы қараша
82.	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын қазақстандықтарды жұмылдыру мүмкіндігі, Қазақстандағы қоғамдық өмірмен байланысын қолдау мақсатында оларға арналған арнайы сервисті іске қосу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, МҚІА	2023 жылғы сәуір
83.	Әлемдегі үздік инвестициялық және өндірістік компанияларды үлгі ретінде алып, “Самұрық-Қазына” ҰӘҚ” АҚ жұмысының жаңа үлгісін түпкілікті айқындау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, “Самұрық-Қазына” ҰӘҚ” АҚ, СЖРА	2022 жылғы қазан
	Мемлекеттік активтерді және			

84.	квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі жыл сайынғы ұлттық баяндаманы дайындау және оны Парламентке ұсыну	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Ұлттық баяндама	Үкімет	2022 жылғы желтоқсан 2024 жылдан бастап жыл сайын
V. Заң және тәртіп				
85.	Судьялардың сот төрағаларына тәуелділігін азайтып, оның ішінде сот төрағалары позицияларының бір бөлігін судья лауазымдарына өзгерту есебінен олардың тең мәртебесін қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының, Қазақстан Республикасы Заңының жобалары Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, Қазақстан Республикасының Заңы	ЖС, ЖСК	2022 жылғы желтоқсан 2023 жылғы маусым
86.	Сот төрағалары мен сот алқалары төрағаларын судьялардың өздері сайлайтын элементтерді енгізу	Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының, Қазақстан Республикасы Заңының жобалары Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, Қазақстан Республикасының Заңы	ЖС, ЖСК	2022 жылғы желтоқсан 2023 жылғы маусым
87.	Жоғарғы Сот судьяларын Президенттің Сенатқа үміткерлерді баламалы негізде енгізуі арқылы сайлау элементтерін енгізу	Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының, Қазақстан Республикасы Заңының жобалары Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, Қазақстан Республикасының Заңы	ЖС, ЖСК	2022 жылғы желтоқсан 2023 жылғы маусым
88.	Сот жүйесіне мықты заңгерлерді тарту үшін тиісті ынталандыру және жағдайлар жасау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	ЖС, ЖСК, Үкімет	2022 жылғы қараша
	Барлық деңгейдегі судьяларды			

89.	іріктеуден бастап оларды тағайындауға ұсыным беруге дейін нақты кадрлық функциялары бар толыққанды институт ретінде Жоғары Сот Кеңесінің рөлі мен мәртебесін нығайту, оның құзырына судья болуға үміткерлерді дайындау, біліктілігін арттыру, шекті жасын ұзарту, жұмыс істеп жүрген судьялардың өкілеттігін тоқтата тұру және тоқтату мәселелерін беру	Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының, Қазақстан Республикасы Заңының жобалары Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, Қазақстан Республикасының Заңы	ЖСК, ЖС	2022 жылғы желтоқсан 2023 жылғы маусым
90.	Күштік органдардың судьяларға әкімшілік қысым көрсетуінің барлық амал-тәсілдерін жойып, олардың ықпал етуін доғару	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ЖС, БП, ПМ, ҰҚК, СЖҚА, ҚМА, ЖСК	2022 жылғы желтоқсан
91.	Судья заңдылықты өрескел бұзып сот актісін шығарған кезде күшін жойған әрбір сот актісін Сот жюриінің тексеруі тетігін енгізу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	ЖСК, ЖС	2022 жылғы қараша
92.	“Сот төрелігін жүзеге асыру сапасы” өлшемшарты бойынша судьяларды бағалау және жауапкершілікке тарту институтын қайта қарау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	ЖС, ЖСК	2022 жылғы қараша
	Апелляциялық сатының бірінші сатыдағы сотқа қайтармай, нақты	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы		

93.	мән-маңызы бойынша шешім қабылдауын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Заңы	жс	2022 жылғы желтоқсан 2023 жылғы маусым
94.	Әкімшілік әділеттің қолданылу аясын кеңейтіп, рәсімдік-процестік кодекске әкімшілік теріс қылықтардың ауқымды бөлігін және азаматтық-құқықтық дауларды беру	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, ЖС, БП, ҰҚК, СЖҚА, ҚМА, “Атамекен” ҰКП (келісім бойынша)	2023 жылғы маусым
95.	Сот төрелігінің тең қолжетімді болуын қамтамасыз ету мақсатында қазіргідей талап-арызда көрсетілген сомадан алынатын пайыз мөлшерінің орнына мүлік даулары бойынша ойға қонымды алым мөлшерін белгілеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ЖС, Үкімет, “Атамекен” ҰКП (келісім бойынша)	2022 жылғы желтоқсан
96.	Заңнама нормаларын түсіну бойынша мемлекеттік органдар арасындағы, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ұйымдар арасындағы дауларды шешу жөніндегі өкілеттіктерді Үкіметке бекіту	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, ЖС, “Самұрық-Қазына” ҰӘҚ” АҚ	2023 жылғы маусым
97.	Сот төрелігін атқару ісінде бірізділікті қамтамасыз етуге арналған интеллектуалды талдау жүйесін толыққанды енгізуді жеделдету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ЖС, Үкімет	2023 жылғы наурыз
98.	Жаппай тәртіпсіздікке үндегені үшін жазаны қатаңдату		Үкімет, БП, ЖС	

	жөнінде шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы		2022 жылғы желтоқсан
99.	Тәртіпсіздіктерді ұйымдастыруға қатысы бар басты айыпталушыларды, мемлекетке опасыздық жасағаны және билікті күшпен басып алуға әрекеттенгені үшін айыпталушыларды, террористік және экстремистік қылмыс жасағандарды, рецидивистерді, сондай-ақ жұртты азаптаған адамдарды қоспағанда, “қаңтар оқиғасына” қатысушыларға рақымшылық жасау туралы Заң жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Заңы	БП, ЖС, Үкімет	2022 жылғы 10 қазан 2022 жылғы қараша
100.	"Қаңтар оқиғасы" кезінде қаза болғандардың қаржылық жағдайы қиын отбасыларына материалдық қолдау көрсету, оның ішінде "Қазақстан халқына" қоғамдық қорының қаражаты есебінен материалдық қолдау көрсету мәселелерін пысықтау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, "Қазақстан халқына" ҚҚ (келісім бойынша)	2022 жылғы желтоқсан
101.	Аса қатыгездікпен жасалған адам өлтіру және қарақшылық жасау үшін жауапкершілікті, оның ішінде мұндай қылмыстар бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, БП, ЖС	

	доғару арқылы күшейту			2022 жылғы желтоқсан
102.	Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейту	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, БП, ЖС	2022 жылғы желтоқсан
103.	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөнінде кешенді жоспар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	Үкімет, ҰҚК, БП, ҰБ, ҚМА	2023 жылғы қаңтар
104.	Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерді анықтау және бейтараптандыру жұмысын күшейту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, БП, ҰҚК	2022 жылғы желтоқсан
105.	Азаматтардың құқықтық және қаржылық сауатын арттыру жөніндегі шаралар кешенін қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, БП, ҚНРДА, ҚМА	2022 жылғы желтоқсан
106.	Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерге ревизия жүргізіп, қолданылмайтын не сот төрелігінің сапасына кедергі келтіретін нормаларды алып тастау	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, БП, ЖС, ҰҚК, СЖҚА, ҚМА	2023 жылғы наурыз
107.	Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы түзету өкілеттігін құқық қорғау органдарынан Әділет министрлігіне беру	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, БП, ЖС	2022 жылғы қыркүйек

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

"ҚТЖ" ҰК" АҚ

-

- "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы

"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ

-

"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ – "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы

МҚІА	-	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
БҚДА	-	Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі
СЖҚА	-	Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
ҚНРДА	-	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
СЖРА	-	Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
ҚМА	-	Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі
ЖС	-	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
ЖСА	-	Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі
БП	-	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
ҰҚК	-	Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ІМ	-	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
ҰБ	-	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
"Атамекен" ҰКП	-	"Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
"Қазақстан халқына" КҚ	-	"Қазақстан халқына" қоғамдық қоры
ЕК	-	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті